

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 75-78.

ӘОЖ 93: 9-05 (574) (045)

## **ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗДАРЫ: ҰЛБӨБЕК УӘЛИ ХАН КЕЛІНІ МЕН ҚҰРАЛАЙ НАТУЛЛАЕВА**

*Сергазы Г., Алтынбек Н., 1 курс студенттері  
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қаласы*

Тақырыпты алғандағы мақсатымыз: біздің қазақтың қайсар да мықты қыздары еліне тиген пайдасы молынан болғанмен олар туралы мәліметтер жоқтың қасы осы мықты, қайсар қыздарымыз Ұлбөбек Уәли хан келіні мен Құралай Натуллаева біздің елімізге сіңдірген пайдасы молынан болды. Өздері жоқ болса да мықты да ержүрек батыр қыздарымыздың атын ұмытпай жадымызда сақтауымыз үшін олардың елге сіңірген еңбектерін насихаттап білуіміз керек.

Біздің бірінші кейіпкеріміз – ол аты аңызға айналған Абылай ханның немересі Ғұбайдолла сұлтанның жұбайы Ұлбөбек. Ұлбөбек ханым туралы мағлұматтар өте аз, жоқтың қасы деп те айтсақ болады. Сондықтан да, Ұлбөбектің жұбайы Ғұбайдолла сұлтан туралы қысқаша ғана айтар болсақ ол Орта Жүздің ханы Уәли ханның баласы. Ол қазақтың соңғы ханы, атақты Кенесары Қасымұлының (Кенесары да, Ғұбайдолла да Абылай ханның немерелері) Ресей мемлекетіне қарсы көтерілісін қолдағаны үшін 1839 жылы итжеккенге айдалып 8 жыл, 1847 жылға дейін, көтеріліс аяқталғанша Березов абақтысында қамауда отырады (бүгінде – Ресей мемлекетінің Ханты-Манси автономиялық округі). Енді Ғұбайдолла сұлтанның жұбайы Ұлбөбек туралы айтар болсақ, ол 1844 жылы 11 жасар Қадиша есімді қызымен Көкшетаудағы елінен алыс қашықтықта жатқан Березов абақтысына күйеуімен жүздесу үшін барады, және Березовта қызы мен жұбайымен соңғы 3 жылды бірге өткізеді. Сонда Ғұбайдолла сұлтанның жасы 67-де болса, Ұлбөбек небәрі 34 жаста екен [1,2].

Енді екінші кейіпкеріміз, Құралай Натуллаева апамызға көшсек, бірақ алдымен сұрапыл соғыста ерлік көрсеткен батыр қыздарымыз жайлы айтпақшымыз. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның әйелдері – механик-жүргізушілер, радиооператорлар, авиациялық механиктер, мергендер, ұшқыштар, пулеметшілер және партизандар болып, зениттік батареяларда қызмет еткен. Қыздар тіпті танк командирлері де болды. Өз тағдырларын үлкен әскери техникамен байланыстыра отырып, олар ерлерден, жауынгерлік шеберліктерден және батылдықтардан кем болмады. Бүгін біз

қазақ ерлерімен бірге шексіз ерліктің үлгісін көрсеткен және Жеңіске лайықты үлес қосқан қазақ қыздарына құрметпен қараймыз. Офицерлік шенде көптеген қазақстандық әйелдер шайқасты: майорлар, капитандар, лейтенанттар. Барлығы 637 әйел офицер болды. Майданға аттанған әйелдердің жалпы санынан - 7747 - әр 11-ші адам офицер. Майдандағы дәрігерлердің арасында 41 пайызы әйелдер, фельдшерлер арасында - 43 пайыз, медбике - 100 пайыз. Жауынгердің брезенттік етіктері мен сұр шинельдерімен Берлинге дейін жетті. Осындай батырлардың ерлігі туралы шексіз айтуға болады. Қазақтардан шыққан алғашқы әйел офицер Алтыншаш Нұрғожина болғанын бәрі бірдей білмейді. Қазақ халқының мақтанышы, Елизавета Сәдуақасова, ұлттың рухани көсемі Әлихан Бөкейхановтың қызы, медициналық қызметте үлкен рөл атқарды. Мәриям Сырлыбаева - медициналық қызметтің капитаны; Роза Момынова – майдан дәрігері; Құралай Натулаева – рота командирі; Соғысты капитан дәрежесімен аяқтаған Альмереке Кобеева. Рахима Ералина мен Мамира Жантлесова – барлаушы; Алия Молдағұлова мен Малика Тоқтамысова - мергендер; Мәншүк Мәметова мен Зинат Оңайбаева - пулеметшілер; Хиуаз Доспанова - ұшқыш; Мәдина Ысқақова және Абай Құнанбаевтың немересі Ишағы Жақыпарғазы - авиациялық механиктері. Радиотелеграфистер: Гарифа Рахметова, Орынкеш Мысырова, Шакира Ботақанова, Бикен Сәдуақасова, Шағила Құсанова. Медбикелер: Рәзия Ысқақова, Мая Ғабитова, Акима Ақжолова, Халида Маманова, Ажар Оразғалиева, Рахима Жанбекова, Баян Байғожина - бұл біздің еліміз үшін күрескен батыл әйелдер.

Құралай Натуллаеваға қатысты айтсақ, Құралай апа әйгілі революционер Әліби Жангелдиннің қызы . Сабыр басқарған 37-дивизияның медициналық бөлімінде қызмет істеп, майдан даласында бірге жүрген. Өмір бойы күйеуінің аманатына адал болған, Сабыр Рақымовтың қазақ екенін дәлелдеуге бүкіл ғұмырын сарп еткен Құралай Натуллаева да тегін жердің қызы емес екені айдан анық. Текті жерден шыққан адам ғана тектілік танытады емес пе? Ол туралы Әкім Ысқақ былай: «Шерхан ақсақал Құралай Натуллаеваны Ташкенде өскен деген. Ол Әліби Жангелдиннің қызы екен. Қазақтың текті азаматының ұрпағы болғандықтан да шығар, Құралай апа өзінің мықтылығын паш етті. Генерал басқарған дивизияның медициналық бөлімінің жауынгері болған. Құралай апамыз қазақтың аяулы қыздарының бірі. Өмірінің соңына дейін күйеуінің атын көкке көтерген адал жар Құралай ападай-ақ болсын. Өзбек ағайындар Құралай ападан қатты қорыққан. Өйткені, одан Сабырдың қазақ екенін кез келген сәтте дәлелдеп, құпияны ашып қоюы мүмкін деп сескенген. Өзбекстанның Орталық партия комитеті де, Қауіпсіздік комитеті де бақылауда ұстаған. Арнайы үй беріп, содан аттап басқан ізін аңдып отырған», – дейді [3].

Құралай Натуллаеваның бізге жеткен экрандағы бейнесінде: «Ұзын біреу келе жатты. Сонда әкем: «Мына дию кім?» – деді. «Бұл – Сабыр деген қазақ», – деді Ақбаев. Папам танысып-біліскен соң: «Мынау менің қызым. Осыған бас-көз боласың. Сен Ұлы жүзсің, мен Орта жүзбін», – деді. Сонда Сабыр:

«Мен сізді білемін, қара қыпшақ Қобыландының ұрпағысыз. Мақұл», – деп, мені тоқал қылып алды», – деп қысқаша қайырады [4].

Екінші жары Құралай Натуллаевадан бір ұл, бір қызы болған. Құралай апамыздың Сабыр Рақымовты танытудағы еңбегі зор. Майданда күйеуінің жанында бірге жүрген. Ұлдарының аты Рахметолла (оны Роман деп атап кеткен), қыздарының есімі – Дарико. Ұлы Роман мен Құралай апа ең соңғы рет елге 2006 жылдың 17 мамырында келген. Роман аға да батыр тұлғалы кісі. 1971 жылдан бері Мәскеуде тұрады. Алғашында Ташкентте, кейіннен Мәскеуде жұмыс істеген. Қазір зейнетте, үш қызы бар. Дарико әкесінің майдандас досы армия генералы П.И.Батовтың келіні болып, Қиыр Шығыстағы Магадан қаласында тұрған. Сол жақта қайтыс болады [3].

Құралай Қазақстанға қалай келді? Құралай Натуллаеваның елге оралуының өзі бір аңыз. Әркім әртүрлі сөз өрбітеді. Бір тарап Бауыржан Момышұлы елге оралуына септігін тигізді десе, екінші жақ Момышұлының бұл іске ешқандай қатысы жоқ деседі. Әкім Ысқақтан естіген әңгімесінде былай : «Бауыржан Момышұлы Сабыр Рақымовты «ағам» деп, қатты мойындаған. Баукең Мәскеудегі академияның тыңдаушысы болып жүргенде, Рақымов екеуі жиі кездесіп тұрыпты. Оқуын бітірген соң Момышұлы Сабыр атамыз бен Құралай апамызды арнайы қонақ етіп, Ташкенге шығарып салған екен. Құралай апа: «Вокзалдан бізді Мәлік Ғабдуллин мен Сабырдың бауыры атанған Бауыржан Момышұлы қарсы алды. Сөйтіп, төртеуіміз Алматыға тартып кеттік. Бұл генералдың туған жердің ауасымен тыныстауға мүмкіндік алған ең соңғы сапары екен. Генерал соны сезгендей пойызбен кетіп бара жатқанда, Бауыржанға да, Мәлікке де елжіреп қарай берді. Қазақстандағы халықтың әл-ауқатына, тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне қызығушылық білдіріп, қайта-қайта тәптіштеп сұрады. Халық ауыз әдебиетімен сусындап өскен қос қаламгер Бауыржан мен Мәлік те қарулас достарына, тіпті ағасындай болып кеткен Сабырға өздері білетін барлық мән-жайды жарыса айтып отырды. Бала күнінен батырлар жыры мен ертегілерге қатты әуестенген Сабыр олардың сөздерін ынты-шынтымен тыңдаудан жалықпады. Ал Бауыржан мен Мәлік тереңнен толғап, жырауларша ой шертті», – дейді [4].

Соғыстан кейінгі жылдары Құралай апамызға қатысты біраз әңгімелер болды. Ташкенде ол кісіге барлық жағдайды жасағанмен, қапаста ұстағандай қатаң бақылауда болған. Құралай апамыздың мықтылығы – радионың тікелей эфирінде: «Сабыр Рақымов – қазақ!» – деп жариялап жіберген. Бауыржан Момышұлы Құралай апамызды арнайы іздеп барып, елге көшіріп алуға көмектескен. Бірақ Өзбекстанның ресми билігі араласып, Құралай Натуллаеваны кері қайтарып алады. Кейіннен Дінмұхамед Қонаев Қазақстанға қайта оралуына ықпал етеді». «Құралай апай туралы ерекше ештеңе айта алмаймын. Өйткені, мен көргенде, ол кісі қартайып, бір сөзінен бір сөзі ауытқып кеткен еді. Соғыс кезінде тұтқынға түскен адамға өткенді еске алу оңай емес. Ол кісі азапты көп көрген. Соғыстан кейін Сабыр Рақымовтың қазақ екенін дәлелдеумен алысып өмірден өтті. Өзбекстанның Ұлттық қауіпсіздік комитеті Ташкеттен бір түнде көшіріп, басқа бір облысқа

орналастырған. Жағдайының бәрін жасаған. Өзбектердің бір ғана талабы – Сабырдың ұлтының кім екені туралы ешкімге тіс жармау керек болған. Бірақ, Құралай апай Қазақстанға қашып келіп, Алматының іргесіндегі біреудің тауық кепе сияқты жаман саяжайында жалғыз өзі бірнеше жыл тұрыпты. Алтыншаш Жағанова көші-қон басшылығында жүргенде, сол кездегі Алматы қаласының әкімі Храпуновқа арнайы хат жазып, оралман ретінде Құралай апамызға үй алып беруге көмектескен екен. «Бауыржан Момышұлы Құралай апамызды елге көшіріп алып келіпті» деген жаңсақ сөз болуы мүмкін. Бірақ, Баукең Сабыр мен оның әйелін қатты құрметтегені рас», – дейді Лұқпан Бәшенов [3].

Жалпы дерегімізде Құралай Наттулаева туралы жазылған Серікқали Жексенбаевтың «Оңтүстік Қазақстан» газетінен, тақырыбы «Құралайды көргенім» атты негізгі дерек көзді таптық. Онда былай делінген: «Құдай сәтін салса, бәрі де оңғарыла кетпей ме, генерал Сабыр Рақымов туралы баспасөзде жарық көрген мақалаларды жинастырып жатқанда ойыма Құралай Наттулаевамен қай жерде, қалай кездескенім есіме түсе кеткені... Бұл бұдан 24 жыл бұрын болған оқиға еді. Жаңылмасам, 1998 жылы шілде айының ішінде Қазығұрт ауданының Көкібел ауылында тұратын Аманкелді Құралов деген туысымыздың 57 жасында қайтыс болғанын естіп, тез жеттік. Абыройлы азаматтың жаназасына қарақұрым халық жиналған-ды. Тек біз сияқты құда-жекжат, ағайын-туыстары, әріптестері ғана емес, аудан, облысты былай қойғанда, жаназаға Алматы мен Астанадан да арнайы келгендер аз болмады. Кезінде бірнеше мектепте директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып қызмет атқарған ардақты азамат бертінде Абай, Энгельс атындағы және «Қызыл ата» мектептерін басқарған көпке сыйлы кісі еді. Алдында ғана «Ташкент қаласында күрделі операция жасатып қайттым» деп Төлеби ауданы, Бірінші Мамыр ауылындағы нағашы жұртына қонақ болып қайтқан еді. Отаның да шарапаты тимеді білем, ұзаққа созылған ауру ақыры алып тынды. Қаралы жиында өңірімізге белгілі ел ағалары тебірене сөйлеп, марқұмның жасаған жақсылықтары мен өрелі істерін өнеге етті. Ер азаматтардан кейін орташа бойлы, қараторы, үстіне костюм киген егде жастағы әйел кісі ортаға шықты. Әдетте, азалы жиында әйел адамның сөйлеуі сирек. Кеудесі ордендер мен медальдарға толы ол кісінің генерал Сабыр Рақымовтың майдандас серігі әрі әйелі Құралай Наттулаева екенін бірден таныдым. Бұрын теледидардан көріп жүрмін, газеттегі суретінен білем ғой. Әскерилердің командалық дауыспен көтеріңкі сөйлеу – ежелгі дағдысы. Сол мақамына басып, жиналған жұртшылықты аузына қаратты. Оның сол жиындағы әңгімесі күні бүгінгідей құлағымда сайрап тұр [4].

Қазақтың қайсар қыздары – халқымыздың ержүректілігінің, батылдығының, табандылығының жарқын үлгісі. Ұлы даланың тарихында қазақ әйелдері тек отбасының ұйытқысы ғана емес, елін қорғаған, маңызды шешімдер қабылдаған батыр тұлғалар ретінде есте қалды. Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова сияқты батыр қыздарымыздан бастап, бүгінгі күні түрлі салаларда жетістікке жетіп жүрген қыздарымыздың бәрі ұлт намысын

жоғары көтеріп келеді.Қазақ әйелдері әрқашан қиындықтардан тайсалмай, туған жерін, халқын қорғауға бел байлап, елдің болашағы үшін аянбай еңбек етті. Бұл батырлық қасиеттер тек соғыс майданында ғана емес, бейбіт өмірде де көрініс табуда. Бүгінгі таңда олар білім, ғылым, мәдениет, спорт және бизнес сияқты салаларда да асқан табыстарға жетіп, әлемдік аренада еліміздің атын асқақтатып жүр.Қайсар қазақ қыздары – болашақ ұрпаққа үлгі, халқымыздың рухани байлығы мен күш-қуатының бейнесі. Олар адамгершілік, қайтпас қайсарлық пен шынайы патриотизмнің символына айналған. Ертеңге деген сенім мен күш-қуаттың қайнар көзі болған осы қайсар қыздардың ерлігін еске алып, оларға құрмет көрсету – біздің парызымыз [4].

*Ғылыми жетекші – тарих ғылымдарының докторы, профессор Нұрбай Қ.Ж.*

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Абуев, Қ.К., Жапекова, Г.К. (2019). *Губайдулла Уалиханов: жизнь и общественно-политическая деятельность*. Алматы: ТОО «Лантар Трейд».
- 2 Хафизова, К. (2019). *Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках*. Монография. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК.
- 3 Сабыр Рахымов: өмірбаян деректері. <http://sabyrrahymov.asia.kz/>
- 4 Ералы, А. *Құралай Натуллаева туралы бірер сөз*. [www.facebook.com/](http://www.facebook.com/)